

2 Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. – М.: Искусство, 1979. – 423 с.

3 Аспекты общей и частной лингвистической теории текста – Москва : Наука, 1982. – 190 с.

4 Национально-культурная специфика речевого поведения / Леонтьев А.А., Сорокин Ю.А., Тарасов Е.Ф., др.– М.: Наука, 1977.– 352 с.

5 Анисимова Е.Е. О целостности и связности креолизованного текста (к постановке проблемы) // Филологические науки. – 1996. – № 5. – С. 70-85

FTAHP 16.41

Қ.А. Садықбеков¹

¹Сулейман Демирел университеті

Алматы қ., Қазақстан

МӘМЛҮК ҚЫПШАҚ ТІЛІНДЕГІ ШАҚ КАТЕГОРИЯСЫ ЖАСАУШЫ ҚОСЫМШАЛАР

Аңдатпа. Шақ категориясы амал-әрекеттің орындалу мерзімінің сөйлеп тұрған уақытпен, яғни осы шақпен байланысын білдіретін етістіктің грамматикалық категориясы. Алайда барлық амал-әрекеттің орындалу мерзімін өткен шақ, осы шақ және келер шақ деп үш өлшеммен өлшеу қаншалықты шынайы? Мысалы үшін орта ғасыр ескерткіштерінде осы шақ пен келер шақтың көрсеткіштері бірдей. Сол секілді қазіргі түркі тілдерінің өзінде өткен шақтың, осы шақтың және келер шақтың бірнеше түрлері бар. Шынайы дүниедегі уақыт пен грамматикалық шақ категориясы бір-бірімен толық сәйкеспесе де, бір-бірімен байланысты ұғымдар. Сондықтан да орта ғасыр жазба ескерткіштері тілін зерделегенде шақ формаларының осыған дейін және осыдан кейін жүзеге асқан немесе асатын амал-әрекеттерді білдіретін формалар болып жіктелгендігін көреміз.

Мақалада мәмлүк қыпшақ тіліндегі шақ категориясы жасайтын қосымшалардың функционалдық және тұлғалық еркешеліктері мен қолдану жиілігі, даму жолдары секілді мәселелер қарастырылады.

Кілт сөздер: мәмлүк қыпшақ тілі, шақ категориясы, грамматикалық форманттар.

Аннотация: Категория времени – грамматическая категория глагола, которая представляет собой связанность периода реализации действия с временем разговора, то есть с настоящим временем. Однако, насколько правильно делить период реализации действия на прошедшее,

настоящее и будущее время? Например, в памятниках средневековья одинаковые показатели и в настоящем, и в прошедшем времени. Также в современных тюркских языках есть много видов прошедшего, настоящего и будущего времени. В реальном мире если даже время и грамматическая категория полностью не соответствуют, они все равно являются связанными. Поэтому, в изучении языка надписей средневековья можно увидеть, что формы времени делятся на формы действия, реализованные до этого времени и после этого времени.

В статье рассмотрены суффиксы, образующие категории времени в Мамлюкско-кипчакском языке, которые соответствуют частоте использования и функциональные, личностные особенности, а также их пути развития.

Ключевые слова: Мамлюкско-кипчакский язык, категория времени, грамматические форманты.

Abstract. Category of time is a grammatical category of a verb which represents coherence the period of realization of action with conversation time, that is with the present. However it is how truthful to divide the period of realization of action into past, present and future tenses. For example, in Middle Ages monuments identical indicators are in present and past tenses. And also in modern Turkic languages there are many types of last, present and future time. In the real world even if time and grammatical category completely do not correspond, nevertheless, all of them are connected. So, during studying of language of inscriptions of the Middle Ages it is possible to see that forms of time are divided into the action forms realized before this time and after this time.

The article is devoted to the suffixes the forming categories of time in Mamluk Kipchak language which correspond to the frequency of use and the functional, personal features, and also their ways of development.

Key words: Mamluk Kipchak language, time category, grammatical formants.

Тілдегі сөздердің ең маңызды тобы етістік десек, етістіктің категориялары ішінде еркеше маңызға ие категорияларының бір шақ категориясы. Қазақ тілінің грамматикасында: «Шақ іс-қимыл, жай-күйдің орындалу мезгілі мен сөйлеп тұрған уақыт арасындағы қарым-қатынастарды білдіретін грамматикалық категория» делінсе [1], С.Е. Малов: «Етістіктің шақ формалары сөйлеу кезінен бұрын, сөйлеу кезінен кейін және сөйлеу кезінде болатын қимылдың, уақиғаның уақытын жалпы түрде көрсетеді», - дейді [2, 121]. Өзбек тілшісі А.Ходжиев: «Грамматикалық шақ категориясы амал-әрекеттің сөйлеп тұрған уақытпен байланысын көрсетеді» деген [3, 127]. Қысқаша айтқанда шақ категориясы амал-әрекеттің орындалу мерзімінің сөйлеп тұрған

уақытпен, яғни осы шақпен байланысын білдіретін етістіктің грамматикалық категориясы. Алайда барлық амал-әрекеттің орындалу мерзімін өткен шақ, осы шақ және келер шақ деп үш өлшеммен өлшеу қаншалықты шынайы болмақ? Мысалы үшін біз тілін зерттеп отырған орта ғасыр ескерткіштерінде осы шақ пен келер шақтың көрсеткіштері бір, тек контекстегі мағынасына қарай ажыратылады. Сол секілді қазіргі түркі тілдерінің өзінде өткен шақтың, осы шақтың және келер шақтың бірнеше түрлері бар. Сондықтан да М. Оразовтың: «Шынайы дүниедегі уақыт пен шақ түсінігі сәйкес келе бермейді. Грамматикалық шақ түсінігі үш этапқа бөлінеді де, осы шақ негіз етіп алынады. Ал шынай дүниеде осы шақ жоқ, ол өткен шақ пен келер шақтың түйіскен нүктесінде өте қысқа мерзімді ғана қамтиды», - деген пікірін қолдай келе, шынай дүниедегі уақыт пен грамматикалық шақ категориясы бір-бірімен толық сәйкеспесе де, бір-бірімен байланысты ұғымдар екенін айтқымыз келеді [4, 285]. Ы. Маманов: «Шақ категориясының объектісі – іс-қимылдың болған нақты мезгілі де емес, нақты мезгілін білдіретін жеке сөздер де емес, шақтық мағына білдіретін етістіктің қалыптасқан формалары», - дейді [5, 103].

Сондықтан да орта ғасыр жазба ескерткіштері тілін зерделегенде шақ формаларының осыған дейін және осыдан кейін жүзеге асқан немесе асатын амал-әрекеттерді білдіретін формалар болып жіктелгендігін көреміз. Зерттеу жұмысымызда орта ғасырлық Муниетүл Гуззат (МГ), Сейфи Сарайдің Сүхейл уә Гүлдерсін мәснауисі (СГ), Китаб Муқаддима Әбу-Ләйс әс-Самарқанди (КМ), Китаб фил-фикһ (КФ) және Китаб фил-фикһ бил-писанит-түрки (КФТ) секілді мәмлүк қыпшақ ескерткіштері тіліндегі шақ категориясы жасайтын грамматикалық форманттардың функционалдық, тұлғалық еркешеліктері мен қолдану жиілігі, даму жолдары секілді мәселелерді қарастыратын боламыз.

Бірде осы шақ, бірде келер шақ, енді бірде істің үнемі істелетіндігін, дүркінділігін білдіретін ауыспалы осы шақ мәнінде жұмсалатын –ар, -ер, -ур, -үр жұрнақтары мағыналы ауқымы өте кең, өте белсенді қолданылған жұрнақ. Жалпы –ар, -ер –р есімше жұрнағы чуваш тілінен басқа қазіргі түркі тілдерінің барлығында түрлі фонетикалық вариантта және түрлі грамматикалық қызметтерде қолданылатын өнімді жұрнақ. Көне түркі тілінде оның негізгі мағынасы амал-әрекеттің айтылып жатқанда орындалып жатқандығын, басқа бір іс әрекетпен қатарласа болғандығын, дағдылы әрекетті және келер шақты білдіру болған [6, 76]. Қандай да бір қосымшаның бірден көп мағынасы болуы заңды құбылыс. Алайда сол мағыналарының бірі негізгі, ал қалғандары қосымшаның жанама қызметі болуы керек. Мәмлүк қыпшақ ескерткіштері тілінде де бұл жұрнақтың ең көп қолданылған қызметіне қарап, етістікте айтылған амал-әрекеттің үнемі, дағдылы түрде жүзеге асатындығын білдіретін ауыспалы осы шақ мәні негізгі қызметі деуге

болады: KFT: Қады ол киши ичүн мирас алмақа хукүм идер (2б, 38) (қазы ол кісі үшін мирас алуға үкім береді); KF: Ол Таңры та'ла 'алимдүр қулынуң ашикарә ишлегенни яшыруп ишлегенни қаты яшырғанны дахы билүр (2а, 5-6) (Ол тәңір тағала ғалым, құлының ашықтан-ашық істегенін, жасырын істегенін, қатты жасырғанын да біледі); KM: ол нәби айтды 'амәллер ниәтлерле олур (16а, 3) (ол пайғамбар айтты, амалдар ниеттермен болады); MG: Олатлар ким аның үзере сүнгү ойнарлар узун чапмақ бирле хараб болурлар (16а, 9) (ол сондай аттар, олардың үстінде найза ойнатады, ұзақ шабу арқылы болдырады); SG: Килиб Гүлдирсин күнлине бу сүзлер, Кичиб күнлер ки буна чара излер (Гүлдирсиннің көңліне келіп осы сөздер, Өтсе де күндер осыған шара іздейді) т.б.

Мәмлүк қыпшақ тілінде де –ар, -ер, -ур, -үр жұрнақтарының осы шақ мәнінде де жиі қолданылғанын көреміз: KM: башларам улу теңри ады бирле (32б, 3) (Ұлы тәңірдің атымен бастаймын); KFT: Фақиһ Әбу Ләйс айыдды: бу қаулы алуруз диди (231а, 48) (Фақиһ Әбу Ләйс “осы қаулыны аламыз” деп айтты); KF: Истер мен сенден разилығы жәннат истер мен (28а, 1) (Сенен ризашылығыңды сұраймын, жәннатыңды сұраймын); MG: Бу мәликнің мәдһинде шаир мунтиг айтур (Осы билеушіні ақын мақтағанда былай айтады); SG: Ни йирге бақсам, анда хүснин геян күринир (Қайда қарасам сұлулығың ап-ашық көрінеді) т.б.

Тілін қарастырып отырған ескерткіштер тілінде -ар, -ер, -ур, -үр формалары келер шақ мәнінде де жиі ұшырасып жатады: KF: 'Алимлер мүрәккаб дартылур қиямәт нүнинде шехидлер қаны биле (11а, 4) (Ғалымдардың сиясы қиямет күні шәйттердің қанымен өлшенетін болады); KM: йалнүзсуң ортағуң йоққайтармансаңа (35б, 4) (Жалғызсың, ортағың жоқ, саған қайтатын боламын); KFT: Имди ол дауы идижинүң дануқы ишидилүр ми йа да ишидилмез ми? (4б, 10-11) (Енді ол дауласушының куәгері тыңдалады ма немесе тыңдалмайды ма?); MG: Бу баб гариме қаршу туруп санчышмақлықны баян идер (41б, 9) (Бұл тарауда қарсыласқа қарсы тұрып соғысуды баяндайтын болады) т.б.

Мәмлүк қыпшақ тілінде келер шақ жасаудың ең өнімді тәсілі -ғай, -гей жұрнақтары арқылы жүзеге асады. -ғай, -гей қосымшасын қазіргі түркі тілдері тұрғысынан зерттеуші ғалымдардың көпшілігі қалау райы жұрнағы ретінде қарастырса, тарихи түркі жазба әдеби тілін зерттеушілер келер шақ қосымшасы деп көрсетеді. Расында да жұрнақтың орта ғасырларда келер шақ мағынасы басым болғанға ұқсайды. Мәмлүк қыпшақ тілінде де келер шақ жасаушы жұрнақ ретінде актив қолданылған: KFT: Ол дауы идген киши ишарәт идгей ол тауарға (1а, 67-68) (шағымданған кісі сол затты ишара жасап көрсетеді); KF: Тәңрі та'ала ачғай аңа жәннәт секіз қапусыны киргей аңа қайсы қапудан дилесе (93б, 2) (Тәңір тағала оған сегіз жұмақтың есігін ашады, қалаған есігінен кіреді); MG: Йүгенни минер чакда сағ янындын бираз-гине қысқартғай-сен (10б, 7) (жүгенді мінер шақта оң жағынан шамалы ғана қысқартасың);

СГ: Битиген намени иллер уқығай, Сүһейлнің тарихыны таза билгей (Жазылған хатты жұрт оқитын болады, Сүһейлдің тарихын шынымен де білетін болады) т.б.

Шақ категориясы формалары арасында ең көнесі, әрі ең кең тарағаны -ды, -ді қосымшалары тарихи түркі жазбалары мен қазіргі түркі тілдерінің түгелінде жуық кездеседі және осы қосымшалар арқылы жасалған өткен шаққа қазақ тіліндегі оқулықтар мен грамматикалық еңбектердің көпшілігінде жедел өткен шақделінсе, А. Ысқақов анық (айқын) өткен шақ [7, 339], М. Оразов нақты өткен шақдейді [4, 288]. Ал өзбек тілінің грамматикалық еңбектерінде анық өткен шақ [8, 147; 9, 288], жақын өткен шақ десе, түрік тілшілері белгілі өткен шақ, көрілген өткен шақ деген атаулармен атайды [10, 298]. Бұлай түрліше аталуына -ды, -ді қосымшасындағы түрлі мағыналық нюанстардың себепші болғаны анық. Дегенмен -ды, -ді жұрнақтарының сонау орхон-енисей жазба ескерткіштерінен бастап, кейінгі Хорезм, Алтын орда, Мәмлүк, Шағатай және Ескі Османлы секілді жазба әдеби тілдер мен қазіргі түркі тілдерінде семантикалық, функционалдық тұрғыдан айтарлықтай айырмашылық жоқ деуге болады. Түркі тілдерінің аталмыш кезеңдері мен қазіргі күйіндегі негізгі өзгешелік – олардың фонетикалық варианттарының әртүрлілігінде.

Мәмлүк қыпшақ тілінде жоғарыда аты аталған 5 ескерткіште екі түрлі жағдайға куә боламыз. Біріншісі, оғыз элементінің басымдығы мен ерекшеленетін, сондықтан да түркітануда оғыз-қыпшақ аралас тілді ескерткіштер деп айдар тағылып жүрген КМ, КФ және КФТ ескерткіштерінде етістіктің соңы қандай дыбысқа аяқталса да -ды, -ди, -ду, -дү секілді төрт түрлі фонетикалық вариантта қолданылады: КМ: үмет йығлышдылар нәбиден соңра (4а, 4) (үметі жиылды нәбиден кейін); билинди намаз фарзлығы курашила (2а, 1) (намаздың парыздығы құранмен білінді); КФТ: мен фаланкишиге хақыны өдедим (1а, 5) (мен пәленшеге ақысын төледім); КФ: Күндүзи яратды нурлары биле кежейи яратды қарағлығы биле булутлары яратды ягмурлары биле (1b, 2-3) (Күндізді жаратты нұрымен, түнді жаратты қараңғылығымен, бұлыттарды жаратты жаңбырымен) тб. Негізгі тәртіп осындай болғанымен ерін үндестігінен ауытқитын кездері де өте жиі кездеседі: КМ: Аллах Та'ала бени билдүрди бен де билдүм аны (44а, 5) (Алла тағала маған білдірді, мен де оны білдім); КФТ: Келдүк имди қазыйа (Енді қазыға келдік); Мен саңа һич сатмадум (3b, 38) (мен саған еш сатпадым) тб. Демек бұл ескерткіштерде -ды, -ди қосымшаларының қатаң дауыссыздан басталатын формалары болмаса да, ерін үндестігіне орай -ду, -дү еріндік формасы қолданылған. Ал түркітануда оғыз элементтерінің өте аз екендігі және таза қыпшақ тілінде орындалғандығы айтылып жүрген Мүниетүл-Гузат пен Сейфи Сарайдың Сүһейл уә Гүлдерсін мәснауисінде жағдай сәл өзгешелеу. Бұл ескерткіштерде дыбыс және буын үндестігіне сәйкес -ды,

-ді, -ты, -ті формалары қолданылады. Жоғарғыдағы ескерткіштерден айырмашылығы сол, қатаң дауысты дыбыстан басталатын формалар да қолданылады: МГ: Мысыр илинде бир ғазимуш-шан мелик зухурға келди (26, 9) (Мысыр елінде бір ұлы билеуші пайда болды); СГ: Ақытты су тикин, йиүзре, күб қан (Су секілді көп қан ағызды) тб. Сондай-ақ бұл жадыхаттарда еріндік дауысты формалар да өте сирек те болса бірлі жарым мысалдардан көруге болады. Алайда олардың түбірге жалғануында бір заңдылық іздеу қиын, тіптен ерін үндестігіне бағынбайды деуге болады. Еріндік формада кездескен бір-екі мысалдың өзінде басқа жерде дәл сол етістіктерге езулік дауысты формасының жалғанғанын көреміз.

Осындай таза қыпшақ тілінде орындалған Сейфи Сарайидің басқа бір еңбегі Гүлістан Тәржұмасының тілдік ерекшеліктерін жан-жақты зерттеген А.Ф. Караманлыоғлу жадыхат тілінде жедел өткен шақтың 1-ші және 2-ші жақтарда дыбыс үндестігі заңының сақталатынын, тіпті ерін үндестігіне де бағынатындығын, сондықтан да жекеше 1-ші жақта –дым, -дім, -дум, -дүм, -тым, -тім, -тум, -түм, жекеше 2-ші жақта –дың, -дің, -дун, -дүң, -тың, -тің, -туң, -түң;көпшеде –дыңыз, -діңіз, -дуңуз, -дүңүз, -тыңыз, -тіңіз, -туңуз, -түңүз формаларында келетінін айтады. Бір қызығы көпше 1-ші жақта етістіктің дауыстысы қандай болса да еріндік –дук, -дүк, 3-ші жақта керісінше -ды, -ді, -ты, -ті формалары жалғанатын көрінеді [11, 112]. Мұның себебін ескерткіштер тіліндегі диалектілік ерекшеліктермен түсіндіруге болады.

Жалпы XIII-XV ғасырларда Орта Азия, Шығыс Европа және Мысыр мен Сирияда дүниеге келген ескерткіштердің қай-қайсы болмасын оғыз-қыпшақ аралас тілде жазылғанын білеміз. Бұл жерде де әуелі жоғарыдағы жедел өткен шақ қосымшаларының оғыздық және қыпшақтық формаларының ара жігін ажыратып алу керек сияқты. Бірінші топтағы ескерткіштер тілінде қолданылған -ды, -ди, -ду, -дү оғыздық элемент. Бұлай деуімізге себеп қыпшақ тіліндегі көптеген қатаң дауыссыздардың оғыз тілдерінде ұяң және үнді дауыссызбен алмасатыны баршаға аян. т~д, к~г, п~б дыбыс сәйкестіктері секілді. Мысалы үшін қазіргі оғыз тілдерінен әзірбайжан және түрікмен тілдерінде аталмыш қосымшаның т-дан басталатын қатаң дауыссыз варианты қолданылмайды. Ал түрік тілінде болса қатаң дауыссыз варианттар қолданылғанымен, бұл құбылыс кейінгі дәуірде пайда болғанға ұқсайды. Демек жоғарыдағы ескерткіштердің де оғыз элементтерінің басымдығын ескерер болсақ, ол ескерткіштерде жедел өткен шақтың оғыздық формасы қолданылған деуге негіз бар. Ал кейінгі топтағы ескерткіштерде қолданылған –ды, -ді, -ты, -ті көне түркі тілінде де қолданылған, қыпшақтық элемент екендігіне дау жоқ.

Мәмлүк қыпшақ тілінде белгісіз өткен шақ жасаушы формалардың бірі -мыш, -миш қосымшалары қазіргі оғыз тобындағы тілдерде актив

қолданылатындығы белгілі. Сондықтан да зерттеушілердің басым көпшілігі мұны оғыз тіліне тән элемент деп есептейді. -мыш, -миш формаларының белгісіз өткен шақ қосымшасы ретінде қолданылуы жоғарыда аты аталған ескерткіштердің барлығында бір деңгейде емес. Бұл қызметте ең актив КФ және СГ-де қолданылады: КФ: Тәңрі та'ала азад ейлемишдүр жәхәннәм одындан (10b, 2) (Тәңір тағала тозақ отынан азат етіпті); СГ: Йүрип баг ичре ул гүллер тирлемиш (Ол бақ ішін аралап раушан гүлі теріпті); тб. КМ-да да тек -мыш, -миш қолданылғанымен негізінен есімше қызметінде жұмсалған.

Белгісіз өткен шақтық мәнде сирек кездеседі: иман йарадлмышмыдур йа йарадылмамышдур (47a, 2) (иман жаратылған ба, жаратылмаған ба) тб. Белгісіз өткен шақтық мағына МГ-да –мыш, -миш қосымшаларымен қатар -ып турур аналитикалық форманты арқылы да жасалады. Алайда -мыш формасы -ып турурформасына қарағанда белсендірек қолданылған: Бурынғы фарислер айытмышлар (бұрынғы атбегілер айтыпты) тб. Ал КФТ-да болса бірлі жарым мысалдарда ғана көруге болады: ол дауы идген киши шөйледүр ким ейтмишдүр (18б, 30-31) (дау ашқан кісінікі де сондай /деп/ айтыпты).

Мәмлүк қыпшақ тілінде белгісіз өткен шақ жасауда -мыш қосымшасымен қатар –ыптурур, -ып дурур аналитикалық форманттары да актив қолданылған. -ып дурур формасы ескерткіштердің ішінде ең көп КФТ-да қолданылғанын көреміз. Бұл ескерткіште бұрынғы өткен шақтық мән -ып дурур форманты арқылы жасалады: Ба'зы алымлар айдып дурурлар (4a, 28) (кейбір ғалымдар айтқан екен); ол оғлан никаһдан доғуп дурур (33ба, 9) (ол бала некеден туылыпты) т.б. МГ-да –мыш жұрнағымен аралас қолданылған. Айырмашылығы сол - алдыңғы ескерткіштегі дур көмекші етістігі МГ-да қатаң дауысты тур формасында: Бунларны барча сәуаб көрүп турурлар (11a, 1) (бұларды барлығы сауап көріпті). КФ-да -ып дурур форманты бір жерде ғана қолданылған: Ким сабах намазына башласа ол фикр ейлесе ким уитри қылмайып дурур (173a, 1) (Кімде кім таңғы намазына бастаса, есіне түсті, үтір намазын оқымапты). Ал КМ және СГ-да -ып дурур форманты мүлдем кездеспейді.

Қорыта келгенде қазіргі тіліміздің жай күйін, даму және қалыптасу тарихын айқындауда орта ғасыр жазба ескерткіштері құнды дереккөз болатындығы сөзсіз. Қазіргі тіліміздегі әрбір шақ формасы тарихи тұрғыда тұлғалық әрі семантикалық жағынан дамып қалыптасудың жемісі екенін көреміз.

Мәмлүк қыпшақтары тілінде де әрбір шақ категориясы түрлі жолдармен, түрлі грамматикалық формалармен жасалады. Әрине мұның сол кездегі диалектілік ерекшеліктермен, яғни белгілі бір тайпа тілінің жазба әдеби тілге ықпалының нәтижесімен түсіндіруге болады. Дегенмен оларды нақты мынау оғыздық, мынау қыпшақтық немесе мынау қарлұқтық форма деп кесіп айтуға еш негіз жоқ. Себебі қазіргі тілдер

тұрғысынан қарастырғанымызда да бұл қосымшалардың түркі тілдерінің барлығында аралас қолданылып жүргенін көреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақ тілінің грамматикасы. II том – Алматы, 1967. – 235 б.
- 2 Малов С.Е. Памятники древнетюрской письменности Монголии и Киргизии, Ленинград: Академия наука, 1959. – 111 с.
- 3 Ходжиев А.П. Фейл. – Тошкент: Фан, 1973. – 192 с.
- 4 Оразов М. Етістік. – Алматы, 2001. – 387 б.
- 5 Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс баспасы, 2007. – 482 б.
- 6 Ахметов М. Глагол в языке орхоно-енисейских памятников. – Саратов, 1978. – 131 с.
- 7 Ысқақов, А. Қазіргі қазақ тілі: морфология [Текст]: оқулық / А. Ысқақов. – Алматы: Мектеп, 1974. – 408 б.
- 8 Мирзаев М., Усманов С., Расулов И. Узбек тили. Тошкент: Укитувчи, 1978. – 267 с.
- 9 Хозирги узбек адаби тили 1. – Тошкент, 1966. – С. 121-134
- 10 Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul, 2000. – S. 33-48
- 11 Karamanhoğlu A.F. Seyf-i Sarâyî'nin Gülistan Tercümesi'nin Dil Hususiyetleri // Türkiyat Mecmuası. – N9. –1968. – S. 75-126

IRSTI 16.41

Zh. A. Turumbetova¹, S. Varol¹

¹Süleyman Demirel Üniversitesi
Almatı, Kazakistan

MOBİL UYGULAMALARIYLA TÜRKÇE SÖZCÜK ÖĞRETİMİ

Özet. Bu çalışmanın amacı; yabancı dil öğreniminde önemli bir etken olan kelimeezberleme veya öğrenmeye yönelik yardımcı bir mobil uygulamalarla sözcük öğretimi gerçekleştirilmesidir. Bu uygulamanın kullanımı ile yabancı dil öğrenmek isteyen kişiler, yanlarında taşıdıkları cep telefonları sayesinde sürekli bireğitim içerisinde olacaktır. Program, kullanıcının isteğine göre belirlenen periyotlardayabancı dilde kelimeyi verip Türkçe karşılığını veya tam tersini sormaktadır. Sorularçoktan seçmeli veya kelimenin yazılması şeklinde olabilmektedir. Kullanıcı, programınveritabanına erişip kelimeler üzerinde ekleme, silme, güncelleme gibi işlemleriyapabilmektedir. Oldukça kolay bir kullanıma sahip bu uygulama sayesinde yabancıdildeki kelimelerin daha kolay öğretilbilmesi hedeflenmektedir.